

Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі

Қазақстан Республикасы Көлік
министрінің м.а. 2026 жылғы 4
ақпандағы № 35 бұйрығы.
Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде 2026
жылғы 6 ақпанда № 37952 болып
тіркелді

Министерство транспорта Республики Казахстан

**«Азаматтық авиацияда жолаушыларға медициналық көмек көрсету
қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және
даму министрінің 2017 жылғы 6 маусымдағы № 329 бұйрығына өзгерістер
енгізу туралы**

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Азаматтық авиацияда жолаушыларға медициналық көмек көрсету
қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму
министрінің 2017 жылғы 6 маусымдағы № 329 бұйрығына (Нормативтік
құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15323 болып тіркелген)
мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Азаматтық авиацияда жолаушыларға
медициналық көмек көрсету қағидаларында:

6-тармақта:

14) тармақша алып тасталсын;

21) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«21) медициналық пункт – осы Қағидаларға және Қазақстан
Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес азаматтық авиация
ұйымының құрылымдық бөлімшесі немесе азаматтық авиация ұйымымен шарт
бойынша медициналық көмек көрсететін медициналық ұйым;»;

11-1-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

«3) санитарлық-карантиндік пунктте (бұдан әрі – СКП) немесе санитарлық-карантиндік бақылауда (бұдан әрі – СКБ) орналасқан медпункттің медицина қызметкері СКП немесе СКБ мамандарымен бірлесіп жүргізеді.»;

50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«50. Медпункт меңгерушісінің әкімшілік бағыныстылығын, құрылымы мен штатын азаматтық авиация ұйымының бірінші басшысы немесе азаматтық авиация ұйымымен жасалған шарт бойынша медициналық ұйымның бірінші басшысы айқындайды.

Азаматтық авиация ұйымы медициналық пункттың міндеттерін шарт бойынша медициналық ұйымның басшылығына берілуіне қарамастан, осы Қағидалар талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.»;

66-тармақтың 2) тармақшасының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«жиналмалы сөмкелер саны осы әуеайлақта пайдалануға жіберілген ең ірі әуе кемесінің жолаушылар сыйымдылығының төрттен бір бөлігіне есептелінген;»;

Қағидаларға 4-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Әуе кемесі бортындағы борттық дәрі-дәрмек қобдишалары мен дефибрилятор жиынтықтарының саны және түрлері

Жолау-шылар креслола-рының саны	Борттық жиынтықтардың түрлері			Дефибрилятор
	Алғашқы көмек жиын-тығы (дана)/ First aid kit	Медициналық құрал-дар жиынтығы (дана)/ Medical kit	Әмбебап профи-лактикалық жиын-тық (дана) /Universal precaution kit	Автоматттық сыртқы дефибрилятор
	Кабиналық экипаж мү-шелерімен немесе ка-биналық экипаж мүше-лерінсіз	Кабиналық экипаж мү-шелерімен және ұзақ-тығы екі сағаттан астам ұшқанда	Кабиналық экипаж мүшелерімен	Кабиналық экипаж мүшелерімен және ұз-актығы екі сағаттан астам ұшқанда
0-10	1	-	-	-
11-100	1	-	1	-
101-200	2	Пайдаланушының қа-рауы бойынша 1 артық	1	Пайдаланушының қалауы бойынша ұшу қауіпсіздігі мен ұшу орнына қауіп төнді-ретін жағдайларды талдауды есепке ала отырып
201-300	3		2	
301-400	4		Әрі қарай Пайдала-нушының қарауы бойынша	
401-500	5			
>500	6			

жолаушылар тасымалымен айналыспайтын жеңіл авиация және аса жеңіл авиация әуе кемелері «Алғашқы көмек көрсетуге арналған дәрі қобдишасының құрамын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 қазандағы № ҚР ДСМ-118/2020 (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 21399 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес алғашқы көмек қобдишасымен жасақталады.»;

2.1-тармақтың 6) және 7) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«6) өлшемі 7,5 x 12см компрессиялық зарарсыздандырылған таңғыш (немесе зарарсыздандырылған жабысқақ таңғыш, немесе зарарсыздандырылған жеке таңғыш қап);

7) 10,0 x 10,0см зарарсыздандырылған дәке таңғыш (немесе ұқсас таңғыш);»;

2.2.1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2.2. 1. Қобди 2* былай жинақталады:

- 1) аэрозоль баллондарындағы инсектицид;
- 2) маска респираторы (инсектицидке берілген нұсқаулыққа сәйкес);
- 3) бір рет пайдаланатын медициналық резеңке бас киім - 1 дана;
- 4) қорғану көзілдірігі - 1 дана;
- 5) инсектицидті қолдану жөніндегі нұсқаулық.

* тропикалық климатты елдерге және әуе кемелерінің бортында дезинсекция рәсімдерін жүргізуді талап ететін елдерге рейстерді орындау кезінде әуе кемелерінің бортында қолданылады.»;

Қағидаларға 5-қосымшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Борттық дәрі қобдишалары Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен, қайталама (тұтынушы) қаптамасындағы пайдалану бойынша нұсқаулығы алынбастан жинақталуға тиіс.»;

Қағидаларға 8-қосымшасының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жұқпалы немесе паразиттік аурулардың белгілері бар жолаушы анықталған кездегі кабиналық экипаждың іс-әрекетінің тәртібі:

1) ішкі байланыс арналары арқылы (ұшқыштар кабинасына кірмей) бұл туралы әуе кемесінің командиріне хабарлау;

2) әуе кемесінің командирі аға бортсеріктен хабарлама алғаннан кейін:

- межелі әуежайдың әуе қозғалысын басқару қызметінің диспетчеріне межелі әуежайдың санитариялық-карантиндік бақылауының лауазымды тұлғаларына ақпарат беру үшін бортта жұқпалы немесе паразиттік ауру белгілері бар жолаушының (жолаушылардың) анықталғаны туралы хабарлайды;

- межелі әуежайдың талаптарын орындайды;

3) әуе кемесінің бортындағы жолаушылардың сервисін шектеу; жолаушыларға әуе кемесі бойынша тек бортсеріктердің келісімі бойынша ғана жүріп-тұру;

4) жұқпалы немесе паразиттік ауру белгілері бар жолаушының қасындағы экипаж мүшелері мен жолаушыларға медициналық маскалар кию (егер инфекцияның аэрогендік берілу жолына күдік болса);

5) алғашқы көмек жиынтығын және әмбебап профилактикалық жиынтығын пайдалана отырып, алғашқы санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру;

6) науқасқа күтім жасау үшін алғашқы көмек көрсететін және алғашқы санитарлық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шаралар жүргізетін бортсерікті (бұрын жұқпалы немесе паразиттік ауру белгілері бар жолаушыға қызмет көрсеткен бортсеріктердің ішінен) тағайындау және басқа жолаушыларға қызмет көрсетуден босату;

7) жолаушылар мен экипаж мүшелерінің денсаулық жағдайын бақылауды ұйымдастыру, ұшу барысында жұқпалы немесе паразиттік ауру белгілері бар жолаушының денсаулық жағдайы туралы әуе кемесінің командирін хабардар ету;

8) тағайындалған бортсерікпен қалған жолаушылардан инфекциялық немесе паразиттік ауру белгілері бар жолаушыны ажырату жөнінде шаралар қабылдау (бос, оқшауланған жерге отырғызу; орындықты қалың материалмен немесе басқа қолжетімді құралдармен қоршау; крафт-пакеттермен қамтамасыз ету);

9) дәретхананы науқас әр барғаннан кейін, сондай-ақ дезинфекциялау құралын қолдана отырып, науқастың болған жерлерді дезинфекциялауды ұйымдастыру;

10) жолаушыларға эпидемиологиялық тергеп-тексеруді және профилактикалық іс-шараларды одан әрі жүргізу үшін қажетті мәліметтерді толтыру бойынша сауалнамалар беруді ұйымдастыру;

11) жолаушының орын нөмірлерін көрсете отырып орналасқан жерінің картасын (сызбасын) толтыруды ұйымдастыру;

12) науқасқа күтім жасау үшін тағайындалған бортсерік науқас туралы ақпаратты тағайындалған әуежайдың санитарлық-карантиндік бақылауының лауазымды тұлғаларына беру үшін мәліметтер жинайды;

13) межелі әуежайға келгеннен кейін науқас жолаушының қол жүгі әуе кемесінен жолаушымен бірге шығарылғанына көз жеткізу қажет.»;

Қағидаларға 12-қосымша мынадай редакцияда жазылсын:

«

Медициналық пункт дәрілік заттарының тізбесі*

Р/с №	АТХ ко- ды	Фармако-терапиялық тобы
1	A	Ас қорыту жолдары мен зат алмасу ауруларын емдеуге арналған препараттар
	A02A	Қышқылдықтың бұзылуымен байланысты ауруларды емдеуге арналған препараттар
	A03A	Функционалдық асқазан-ішек бұзылыстарын емдеуге арналған препараттар
	A05A	Бауыр және өт шығару жолдарының ауруларын емдеуге арналған препараттар
	A05B	
	A06	Іш қатуды емдеуге арналған препараттар (Іш жүргізетін препараттар)
	A07B	Ішек адсорбенттері
2	B	Қан мен қан түзілу ағзаларына әсер ететін препараттар
	B01AC06	Гепаринді қоспағанда тромбоциттер агрегациясының тежегіштері
	B05C	Қан алмастырғыштар және перфузиялық ерітінділер
3	C	Жүрек-тамыр жүйесі ауруларын емдеуге арналған препараттар
	C01	Кардиологиялық препараттар
	C07	Бета-адреноблокаторлар, комбинациядағы бета-адреноблокаторлар
	C09AA	Ангиотензин-түрлендіретін фермент тежегіштері
4	D	Дерматологияда қолданылатын препараттар
	D03A	Сыртқы қолдануға арналған препараттар
	D08A	
5	H	Жүйелі әсер ететін гормональді препараттар (жыныс гормондарын және инсулиндерді қоспағанда)
	H02A	Жүйелі қолдануға арналған кортикостероидтар
6	M	Сүйек-бұлшықет жүйесінің ауруларын емдеуге арналған препараттар
	M01	Қабынуға қарсы және ревматизмге қарсы препараттар, стероид емес
	M02	Сүйек-бұлшықет жүйесінің аурулары кезінде жергілікті қолдануға арналған препараттар

7	N	Жүйке жүйесінің ауруларын емдеуге арналған препараттар
	N02	Басқа да анальгетиктер және антипиретиктер
8	R	Тыныс алу жүйесінің ауруларын емдеуге арналған препараттар
	R01AA08	Деконгестанттар және жергілікті қолдануға арналған басқа да препараттар (кортикостероидтарды қоспағанда)
	R03A	Бета2-селективті адреностимуляторлар (бронх демікпесінің ұстамаларын басу үшін)
	R06A	Жүйелі әсер ететін антигистаминді препараттар
	R07AB	Тыныс алу орталығының стимуляторлары

*медпунктті жарактандыру практикаға заманауи тиімді дәрілік заттарды енгізуді ескере отырып, сондай-ақ әуежай мен жолаушылар ағынының класына (тобына) байланысты өзгереді.»;

Қағидаларға 14-қосымшасының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«

р/с №	Атауы	Саны
1	Тасымалдау иммобилизациясына арналған шиналар	ӘК ең жоғары жолаушылар сыйымдылығының 25%

»;

Қағидаларға 15-қосымшасының 30-тармағы алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Азаматтық авиация комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы Көлік министрінің міндетін
атқарушы**

«КЕЛІСІЛГЕН»

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

**М.
Калиакпаров**